

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№6 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

22 қаңтар 2026 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2026 жыл 22 қаңтар, сағат– 14:30

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне орай оқулықтар мен ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы мәлімет (Баяндамашы: *Кітапхана басшысы – А.А. Абсеметова*);

2. ББ кәсіптік (оқу, оқу-өндірістік, өндірістік, педагогикалық, дипломалды, зерттеу және т.б.) практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы (Баяндамашы: *Факультет декандары. Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы С.М. Мухиддинова*);

3. ББ 2025-2026 оқу жылында еліміздегі білім беру бағдарламаларының рейтингісіне қатысу нәтижелерін талдап, ағымдағы оқу жылында қол жеткізетін нәтижесін жопарлау (Баяндамашы: *Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш. Шахабаев*);

4. Білім беру бағдарламалық аккредиттеудің ұйымдастырылуы (Баяндамашы: *АК төрағалары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш. Шахабаев*);

5. Әртүрлі мәселелер

5.1. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (Баяндамашылар: *Факультет ОӘК төрағалары*);

5.2 Факультеттің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жұмысының аралық есебін талқылау (Жауапты: *Факультет декандары*) (Университеттің Басқару Кеңесінің қаңтар айының 5-отырыстың күн тәртібінде);

5.3 2025-2026 оқу жылындағы қысқы аралық аттестаттау қорытындысы талқылау (Жауапты: *Академиялық департамент директоры*);

5.4 2025-2026 оқу жылына Қысқы кезеңінде қабылданған магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша Оқу жұмыс жоспарын бекіту (Баяндамашы: *Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш. Шахабаев*);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ
ҚОШЫМДЫҚ
Әдістемелік бөлім

5.5 «7М0231-Филология» ББ ашу және оны ББ реестріне енгізу туралы
(Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрік).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 Білім беру бағдарламаларының қажеттіліктеріне сәйкес оқулықтармен және ғылыми әдебиеттермен қамтамасыз етілуі туралы статистикалық мәлімет назарға алынсын (Жауапты: Кітапхана директоры);

1.2 Ұсыныс негізінде сатып алынған кітаптарды 1-қосымшаға енгізу жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін (Жауапты: Кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары; орындалу мерзімі 03.02.2026ж.);

1.3 Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарының 1-қосымшасына енгізілген толықтырылған оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттердің пәндер бойынша силлабустарға енгізілуі қадағалансын (Жауапты: Кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары, факультет декандары, орындалу мерзімі 28.01.2026ж.);

1.4 Біліктілік талаптарына сәйкес оқу әдебиеттерінің жаңару пайызын қадағалау кафедра меңгерушілеріне жүктелсін (Жауапты: факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары, факультет декандары, орындалу мерзімі 02.02.2026ж.).

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:


2.1. Кәсіптік практиканың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуы бойынша ақпараттар назарға алынсын;

2.2. Кәсіптік практика құжаттарында орын алған кемшіліктер жойылсын (жауапты – факультет деканы, кадр даярлаушы кафедра меңгерушілері және кәсіптік практика жетекшілері, орындалу мерзімі 26.01.2026 ж).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. Кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттерде тиісті кафедра меңгерушілерінің және факультет декандарының қатысуымен әр ББ бойынша Атамекен ҰП рейтинг нәтижелеріне терең талдаулар жүргізіліп, жақсарту іс-шаралары жоспарлансын.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:



4. Білім беру бағдарламалық аккредиттеудің ұйымдастырылуы туралы бойынша ақпарат келесі отырыста тыңдалсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1.1 Төмендегі тізім бойынша оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдарын бекіту үшін кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

5.1.1.1 Спорт факультеті, «Дене тәрбиесі және бастапқы әскери дайындық» кафедрасының аға оқытушысы, запастағы полковник Б.Ж. Куанышбаевтың «Әскери топография, инженерлік және әскери байланыс дайындық оқу әдістемесі» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

5.1.1.2 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Математика» кафедрасының ф-м.ғ.к., доцент К.Ж. Назарованың дайындаған «Экономикалық математикалық модельдеу» атты оқулығы (автордың өз қаражаты есебінен);

5.1.1.3 Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., доценті С.М. Мағжан және М.Ш. Біләл дайындаған «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

5.1.1.4 Өнер, медиа және дизайн факультеті, «Бейнелеу өнері» кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессор м.а. Е.К. Рысымбетов дайындаған «Сурет өнері» атты оқу құралы (өз қаражаты есебінен);

5.1.1.5 Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының п.ғ.д., профессор Қ. Қадашева, Дайындық орталығы, «Қазақ, орыс тілдері» бөлімінің п.ғ.к., аға оқытушысы А.Қ. Мырзаханова, аға оқытушы Ж.Б. Базарова, оқытушы М.Б. Шайхыстамова дайындаған «Қазақ тілін меңгертуге бағытталған сұхбат және ситуациялық мәтіндер» атты оқу құралы (авторлардың өз қаражаты есебінен);

5.1.2 Төмендегі көрсетілген оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын:

5.1.2.1 Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының оқытушысы Г.М.Адамова дайындаған «Словообразование и морфология современного русского языка (2-часть)» атты орыс тіліндегі оқу-әдістемелік құралы;

5.1.2.2 Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасының PhD, қауымдастырылған профессоры И.Б. Усембаева мен М.Н. Қонысбай дайындаған «Физиканы геймификация әдістерімен оқыту («Тұрақты электр тогы» тарауы)» атты оқу-әдістемелік құралы.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.2 Факультеттердің Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жұмысының аралық есептері назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.3.1 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері бойынша атқарылған жұмыстар назарға алынсын;

5.3.2 2025-2026 оқу жылының қысқы аралық аттестаттау нәтижелері факультет, кафедра, әр профессор- оқытушы деңгейінде талқыланып, Академиялық адалдық лигасының бағалау медианасына сәйкестігіне талдау жасалынсын, бағалау саясатына сараптама жүргізілсін, мерзімі 06.02.2026ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, факультеттің оқу- әдістемелік комитет төрағалары);

5.3.3 Емтихан түрлері бойынша факультеттерде аралық бақылау, емтихан бағалары талданып, факультеттердегі сапаны қамтамасыз ету комиссиясында қарастырылып, хаттамалары сайтқа жариялансын, мерзімі 13.02.2026ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары);

5.3.4 Емтихан түрлері бойынша бағалау медианасына сәйкестігі жекелей талданып, емтихан түрлері бойынша ұсыныстар дайындалсын, мерзімі 17.02.2026ж. күнге дейін (жауапты: факультет декандары, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағалары);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.4 2025-2026 оқу жылына Қысқы кезеңінде қабылданған магистратура және докторантура білім беру бағдарламалары бойынша Оқу жұмыс жоспарлары бекітілсін (Жауапты: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.5 «7М0231-Филология» білім беру бағдарламасы бекітілсін және ББ реестріне енгізілсін (Баяндамашы: Филология факультетінің деканы А.Өзтүрік).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б. Усембаева